

Беген ауылдық округінің Беген орман шаруашылығы ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 06 сәуірдегі N 2/9-V шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі N 141 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2012 жылғы 12 сәуірде N 5-7-113 тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5, 12 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Беген ауылдық округінің Беген орман шаруашылығы ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Беген ауылдық округінің Беген орман шаруашылығы ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерге орналастыру жобасына сәйкес белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Калиновский В. Я.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді енгізісін.

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Т. СҰЛТАНОВ

Аудандық

мәслихат хатшысы

Қ. САДЫҚОВ

Аудан әкімі

Қ. БАЙҒОНУСОВ

Бірлескен Бесқарағай аудандық
әкімдігінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі
№ 141 қаулысы мен Бесқарағай
аудандық
мәслихатының 2012 жылғы 6 сәуірдегі
№ 2/9-V шешіміне қосымша

**Абай облысы Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округінің Беген орман шаруашылығы
ауылының елді мекенінің жерлерінің экспликациясы**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Абай облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 16.04.2025 № 94 бірлескен қаулысымен және Бесқарағай аудандық мәслихатының 16.04.2025 № 27/13-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Атауы	Жалпы ауданы	Бар-лық а/ш алқаптары	Оның ішінде				бас-қалар	Оның ішінде				
			егіс-тік	Тыңай-ған жер	ша-бын-дық	жайы-лым		құ-ры-лыс-тар	жол-дар , алқап-тар	өзге де жер-лер (құм)	тал-ды - бұ-тал ы кө-шет -тер	зи-рат
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Ауылдық телім	1111,0	1036,1	1,0			1035,1	74,9	58,3	10,3		5,5	0,8
Аттамалы телім	1597,4	1591,6				1591,6	5,8		3,4	2,4		
Беген орман шаруашылығы ауылының жерлері бойынша барлығы	2708,4	2627,4	1,0			2626,7	80,7	58,3	13,7	2,4	5,5	0,8